«Бекітемін»
«Алматы қаласы
музейлер бірлестігі»
КМҚК директоры
Л.К. Сағындықова

«24» ақпан 2026 ж.

ҚОР САТЫП АЛУ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНЫҢ № 1 ХАТТАМАСЫ

23 ақпан 2026 ж.

Комиссия төрағасы: Р.Қайратұлы – директордың ғылым жөніндегі орынбасары;
Комиссия мүшелері:

- **Р.О. Турсумбекова** – бас қор сақтаушы;
- **Л.У.Абекова –** қор сақтау және есепке алу бөлімінің жетекшісі;
- **К.Б.Джиеналиева -** Алматы музейінің жетекшісі;
- **А.С.Хожамуратова** – көрме және бұқаралық жұмыс бөлімінің жетекшісі;
- **М.М.Нурпеисов** – ғылыми-зерттеу бөлімінің аға ғылыми қызметкері;
- **Н.Ж.Бектұрсынов –** қор сақтау және есепке алу бөлімінің реставраторы;

Комиссия хатшысы - Э.К. Онайбекова – Алматы музейінің қор сақтаушысы.

Күн тәртібі:

«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК қор коллекцияларын толықтыру мақсатында сатып алынуға ұсынылған заттарды бағалау.

Р.О. Турсумбекова - Бүгінгі отырысымызда ақылы негізде тапсырылып отырған «Райымбек батыр» музей кешенінің алдағы жылы ашылуына байланысты қор коллекциясын толықтыру мақсатында алынатын материалдарды саралап, тарихи, мәдени, экспозициялық құндылығын зерделей отырып, бағасын талқылауға саламыз. Өткізілген заттарға рәсімделген сараптау комиссиясының қорытынды мен арнайы компания ұсынған бағалау құнын қарап, ондағы заттардың сипаттамасы және жалпы жай-күйімен танысып отырыңыздар. Аталған заттарды мұқият қарап, өз пікірлеріңізді ортаға салуларыңыз сұралады.

І.ТЫҢДАЛДЫ:

Р.О. Турсумбекова: Көшпелілік өмір салтын ХХ ғасырдың басына дейін сақтап келген қазақ халқында қару-жарақтың өзіндік этникалық сипаты қалыптасты. Қазақтың дәстүрлі қару-жарақтары ат үстінде соғыс жүргізуге сәйкестендіріліп жасалған, олар шұғыл қимылға ыңғайлы, жеңілдігімен ерекшеленді. Ол қазақ халқын құраған ру-тайпалардың әскери өнері негізінде қалыптасты және тарихи себептерден көрші халықтардың ықпалымен жетілдіріліп отырды.

Қылыш – ат үстінде ұрыс жүргізу үшін жеңіл әрі кесіп түсер қару ретінде қолданған. Қазақ қылыштары: алдаспан, наркескен, зұлпықар, жатаған қылыш, қайқы қылыш т.б. түрлері кездеседі.

Комиссия мүшелерінің назарына ұсынылып отырған жіңішке әрі иілген жүзі бар қайқы қылыш – қазақтың дәстүрлі суық қаруларының жарқын үлгісі. Қылыштың жүзі қатты болаттан (дамаск болатынан), айқаспасы металлдан жасалған. Қылыштың жалпы ұзындығы 92 см, ені 2,5 см, жүзінің ұзындығы 81 см. Ыңғайлы сабы қара сүйектен жасалған, сыртқы беті күміспен бедерлеп өрнектелген. Саптың басы қошқардың стильдендірілген бейнесінде жасалған,

көздерінің орны көгілдір таспен (бирюза) әшекейленген. Шамамен XVIII ғасырға жатады. Шебері белгісіз.

XVI ғасырдың ортасынан бастап Қазақстан аумағында алғашқы білтелі мылтық пайда бола бастады. Білтелі мылтық – қазақтардың өздері жасаған, мақта білтемен от алатын, серіппесіз мылтығы. Оның бір түрі Мәскеудің тарихи мұражайында көрнекі жәдігер ретінде сақтаулы тұр. XVI-XVIII ғасырларда жоңғар басқыншыларына қарсы шайқаста көп қолданылды, көп жасап шығарылды.

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған сегіз қырлы, қолдан соғылған ұңғысы және оқжатармен (магазині) жабдықталған капсюльді мылтық. Дүмі қатты ағаштан жасалған, шамамен XIX ғасырға тән. Жалпы ұзындығы 129 см.

Ұсынып отырған «Каимбаев А.М.» ЖК атынан Каимбаев Азат Мажитұлы төмендегі бағаны сұрайды:

р/с №	Туындының атауы	Саны (с.б.)	Сомасы (теңге)
1.	Қайқы қылыш. XVII-XVIII ғғ.	1	1 850 000
2.	Капсюльді мылтық. XIX ғ.	1	2 840 000

Барлығы: 2 атаулы бұйым (2 сақтау бірлігі) иесінің сұрап отырған жалпы бағасы 4 690 000 (төрт миллион алты жүз тоқсан мың) теңгені құрайды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Р.Қайратұлы: Қазақ халқының қару-жарақ түрлерінің тарихы өте ертеден басталады. Ұлы Даланы мекен еткен халқымыздың қару-жарағына тән белгілер б.з.д. I мыңжылдықта қалыптаса бастады. Жалпы қазақ халқында қару-жарақ шабуыл құралдары – қару, сондай-ақ қорғаныс жабдықтары – жарақ деп екі үлкен топқа бөлінеді.

Біздің негізгі мақсатымыздың бірі «Райымбек батыр» музей кешенінің экспозициясын құру кезінде батырларымыздың қандай қару-жарақтарды қолданғанын келер ұрпаққа жеткізу болып табылады. Осыған орай ұсынылып отырған қазақ халқының қайқы қылышы, шын мәнінде қазақ халқына, қазақ батырына тиесілі деп айта аламыз. Қайқы қылыш көне, жақсы жасалған, тарихи-мәдени құндылыққа ие. Иесінің сұрап отырған бағасы нарықпен салыстырғанда қымбаттау, бағасын түсіріп алуға болады.

Н.Ж.Бектұрсынов: Комиссия мүшелерінің назарына ұсынылып отырған бұйымдар «Райымбек батыр» музей кешені үшін маңызды. Қазақ халқының қару-жарақтары қазіргі таңда кездесе бермейді. Қайқы қылышқа тоқталсам, қылыш көне, ескі, жасалуы, пішіні, сабының басы қошқардың стильдендірілген бейнесінде жасалғандығы қазақ халқына тән. Бұл қылыштың қынабы сақталмаған, себебі ол ағаштан жасалып, сырты жұқа былғарымен қапталатын және уақыт өте келе тез жарамсыз күйге түскен. Бағасын сәл түсіріп алуға келісемін.

А.С.Хожамуратова: Біздің негізгі мақсатымыз тарихи мұраны сақтау және Райымбек батырдай ұлы қолбасшысына арналған заманауи музей кеңістігін құру. Комиссия мүшелерінің назарына ұсынылып отырған материалдар құнды, маңызды деп айта аламын. Музей кешенінің қорын толықтырары сөзсіз, экспозицияда өз орнын табады деп ойлаймын. Менің ойымша бұл қылыш атақты қазақ әулетінен шыққан жас батырға тиесілі болған шығар (мұны қылыштың сабының шағындығына қарап болжауға болады), өйткені дәл осындай қарулар көбіне текті әулет өкілдеріне арналып, күміспен және жартылай асыл тастармен әшекейленген. Иесінің сұрап отырған бағасы қымбаттау, бағасын түсірген жағдайда алуға болады.

М.М.Нурпеисов: Ұсынылып отырған сегіз қырлы капсюльді мылтық жайлы айта кетсем. Қазақ қару шеберлері сегіз қырлы ұңғыны дәстүрлі ұсталық әдістермен жасаған, бұл әдістерді түркі және Орта Азия металлургиялық мектебінен мирас етіп алған. Қазақ ұсталары қару-жарақ жасау барысында құю әдісі, қолдан соғу, жон беру және т.б. көптеген әдістерді қолданған. Мылтықтың оқжатыры (магазин) Тула қару-жарақ зауытынан шыққандығы жайлы белгі бар «Т.О.З. 1865». Мылтықтың дүмі қатты жаңғақ ағашынан жасалған, ескі, көне екендігі ағашынан байқалады, қарайған, қажалған, көп қолданған. Мылтықтың тарихи-мәдени құндылығы бар, «Райымбек батыр» музей кешені үшін маңызды.

Л.Ұ. Абекова: Қарауға ұсынылған XIX ғасырдың ортасындағы капсюльді мылтық пен қайқы қылыш Қазақстанның қару-жарақ мәдениеті тарихында тарихи-мәдени құндылыққа ие.

Бұйымдар көне, ескі, бірегей. Осындай бұйымдар қазіргі кезде жоқтың қасы, табыла бермейді. Бағасына келіскен жағдайда алуға қарсы емеспін.

Н.Ж.Бектұрсынов: Мен жоғарыда айтылған мылтық жайлы әріптестерімнің пікірлерімен келісемін. Қазақ халқына тиесілі, жылдар бойы қолданыста болған керемет, құнды, бірегей бұйым. Қару-жарақ жасау, оның ішінде мылтықты жасау үлкен шеберлікті талап етеді, көптеген металмен жұмыс жасау әдістерін қолданған. Мылтықтың ұзақ жылдар қолданыста болғаны байқалады, металл элементтері – құлып, атқыш, тұтқасы – соғу әдісімен жасалып, кейін қолмен өңделген; оларда тотығу іздері көрінеді, бұл қазіргі алмастыру белгілері жоқ шынайы ескі металға сәйкес келеді. Бағасын түсіріп алуға келісемін.

К.Б.Джиеналиева: Алдымызда ұсынылған қару-жарақтар: қайқы қылыш, капсюльді мылтық зерттей отырып, рәсімделген сараптау комиссиясының қорытындысы мен арнайы компания ұсынған бағалау құнын қарап, ондағы заттардың сипаттамасы және жалпы жай-күйімен таныса келе, мен жоғарыда айтылған әріптестерімнің пікірімен толық келісемін. Бағасы тиімді болған жағдайда қайқы қылыш пен мылтықты алуға қарсы емеспін.

Р.О. Турсумбекова: Қазақ халқының дәстүрі мен тарихына байланысты ұсынылып отырған музейлік мәні бар заттардың тарихи-мәдени, көркемдік, әрі музейлік құндылығы жоғары деп санаймын. Қазіргі таңда бұндай материалдарды табу қиын және кездесе бермейді. Қайқы қылыштың аналогы музей қорында болғанымен, сабының қошқардың басы тәрізді жасағаны және көздің орнына көк тасты, яғни бирюза тасын салғаны ерекше әдемі көрінеді. Экспозицияға қойғанда да көпшіліктің назарын аларсы сөзсіз. Сіздердің жоғарыда айтылған ұсыныстарыңызға мен де қосыламын. Иесі ұсынылған қару-жарақтардың бағасын түсірсе, музей қорына алуға тұрарлық материал.

Комиссия мүшелері ұсынылып отырған музейлік заттарды төмендегідей бағамен сатып алуға келісті.

р/с №	Туындының атауы	Саны (с.б.)	Сомасы (теңге)
1.	Қайқы қылыш. XVII-XVIII ғғ.	1	1 500 000
2.	Капсюльді мылтық. XIX ғ.	1	2 500 000

Барлығы: 2 атаулы бұйым (2 сақтау бірлігі) жалпы сомасы 4 000 000 (төрт миллион) теңгені құрайды.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Комиссия шешімімен көпшілік дауыспен музейлік мәні бар заттардың 2 атаулы бұйым (2 сақтау бірлігі) сатып алынып, негізгі қорға қабылдансын.
2. Қорға сатып алуға ұйғарылған заттарға қатысты комиссия мүшелері белгілеген бағалар заттың иесіне таныстырылсын.

Алматы қаласы музейлер бірлестігінің қор сатып алу комиссиясының № 1 хаттамасы бойынша музейлік маңызы бар сомасы 4 000 000 (төрт миллион) теңгеге 2 атаулы (2 сақтау бірлігі) бұйым музей қорына қабылдансын.

Қолдар:

Комиссия төрағасы: Р.Қайратұлы

Комиссия мүшелері: Р.О. Турсумбекова

Л.Л.Абекова

К.Б.Джиеналиева

А.С.Хожамұратова

М.М.Нурпеисов

Н.Ж.Бектұрсынов

Хатшы: Э.К. Онайбекова